



Автор: КАЛИБЕКОВА АСПЕТ САГАТБЕКОВНА

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым

Тақырып: XX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесінің дамуы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	□ 9.2.3.2 біліммен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру • Тоқырау кезеңінің білім мен ғылымға тигізген әсерін талдау
Сабақтың мақсаты:	Білім саласындағы 40-80 жылдардағы реформаларды салыста отырып, кеңестік білім беру жүйесіндегі өзгерістерді салыстыра отырып, талдау
Тілдік мақсаттар:	Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер Кеңестік білім беру жүйесінің ерекшеліктері... Қазақ мектептерінің жабылуына әсер еткен факторлар: ... Кеңестік идеологияның білім саласына жағымды және жағымсыз әсерлері...
Күтілетін нәтиже:	Бүгінгі сабақта: □ Соғыстан кейінгі кезеңдегі Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуына сипаттама береміз; □ Жалпы орта білім беру жүйесіне көшу үшін қажет болғанын анықтаймыз; □ 1984 жылы жалпы білім беру және кәсіби мектептердегі қайта құрудың негізгі бағыттарымен танысамыз;
Бағалау критерийлері:	□ Білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың ерекшеліктерін талдай алады. □ Қазақстанда білім беру саласына сипаттама береді. □ Қазақстан ғалымдардың ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтайды.
Құндылықтарды дарыту:	Құндылықтар: - өз елі үшін мақтаныш - ұлттық сана-сезім- Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік -өмір бойы білім алу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Ғаламтор арқылы дереккөздері мен қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу.
Пәнаралық байланыс:	Қазақ әдебиеті, дүниежүзі тарихы, география
Бастапқы білім:	20-30 жылдардағы білім саласындағы өзгерістерді біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	Жағымды ахуал орнату. • Кеңестік білім жүйесіне қатысты суреттерді көрсете отырып, кеңестік білім жүйесі мен оқушылардың өмірінің қандай болуының мүмкіндігі туралы оқушылардың ой-пікірін білу • Оқушылардың жауаптарын тыңдап болған соң, оқушыларды бүгінгі тақырыппен және оқу мақсаты, бағалау критеріімен таныстыру арқылы сабақтың кілтті сөздерін жаздыру. • 40-50 жылдардағы білім беру жүйесінің ерекшеліктерін түсіндіреді. Т Сынып оқушылары мәтінді пайдалана отырып, қазіргі білім жүйесін кеңестік дәуірдегі білім жүйесімен салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды. Бағалау критерийлері: • Реформалардың қабылданған мерзімдерін дұрыс атайды, • Реформалардың ұқсастықтарын анықтайды • Реформалардың кемшіліктерін көрсетеді • Реформа бойынша 3 фактіні дұрыс айтады • Әрбір топ басшысы сыныпты топтың жауабымен таныстырады. (Т) Осыдан кейін зерттеу жүргізу жұмыстарына келесі тақырыптар ұсынылады: - 1959 жылғы білім беру реформасы негізінде мектептің өмірімен байланысын нығайтудың қандай оң және теріс жақтары болды? - «Еңбек политехникалық мектептердің» пайдалы және кері жақтары қандай? - «Болашағы жоқ мектептердің» жабылуының қазақ ұлтына әсері. Тақырып сұрағына жауап береді, ойларын екі-үш сөйлеммен жазбаша түрде қорытындылайды. (Т) Қазақ тілінде білім беретін мектептердің жабылуының себептерін жазады. Мүмкін болатын жауаптар: 1. КСРО-да кеңес ұлтын қалыптастыру; 2. Жоғарғы оқу орындарында орыс тілінде оқыту; 3. Қызметке тек орыс тілін білетіндерді алу; 4. Жоғарғы оқу орындарында оқулықтардың орыс тілінде болуы; 5. Орыс тілінің артықшылыққа ие болуы 6. Қазақ ұлты санының аздығы; 7. Ауылдық жерлердегі «болашағы жоқ» мектептердің жабылуы; 8. Қазақ тілінің 10-ақ функция атқаруы; 9. Ақпарат құралдарының басым көпшілігі орыс тілінде болуы. 1945 – 60 ж. мектептердің, оларда оқитындардың саны күрт өсе бастады. 1960 ж. жалпы білім беретін 10363 мектеп жұмыс істеді, онда 1 млн. 814 мыңнан астам оқушы білім алды. 1954 ж. тың игеру науқаны кезінде елде 1960 жаңа кеңшар орнап, жүздеген жаңа мектеп салынды. 1960 ж. республика бюджетінен оқу-ағарту ісіне 2 миллиард сомға таяу қаржы жұмсалды. Қазақстанда төл оқулықтар жасау мәселесі мықтап қолға алынды. Бұл іспен Е.Бекмаханов, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, А.Ысқақов, Т.Қордабаев, Ә.Маманов, М.Балақаев, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, т.б. республикаға белгілі ғалымдар айналысты. Алайда бұл жылдары оқу-ағарту саласында жаңа мәселелер де туындады. Орталық Қазақстанға Ресей, Украина, Молдова, Беларусь республикаларынан тың көтеру науқанымен мыңдаған отбасылардың қоныс аударуына байланысты көптеген қазақ мектептері жабылып, аралас орыс-қазақ немесе таза орыс мектептеріне айналдырылды. Соның салдарынан Қазақстанда 700-ден астам қазақ мектебі жабылды, қазақ тіліндегі газет, журнал, кітап таралымы құлдырап кетті. 600 мыңнан астам қазақ баласы орыс мектептерінде оқуға мәжбүр болды. Мың жарымнан астам аралас орыс-қазақ мектептері пайда болды. Осыған байланысты Қазақстан үкіметі орыс тілін 1-сыныптан бастап оқыту жөнінде қаулы алды. Бұл қазақ тілінің рөлін төмендетіп жіберді. 1960 – 70 ж. арасында оқу мазмұнына ірі өзгерістер енгізілді. Мектептерді 7 жылдықтан 8 жылдыққа көшіру ісі 1962 – 63 оқу жылында аяқталды. Жаппай 8 жылдық білім беруді іске асыру заңы оқудың сапасына кері әсер етті, талап төмендеп кетті. Оқушылардың білімге ынтасы кеміді. Орыс тілін оқытуға ерекше көңіл бөлініп, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында сабақ түгелдей орыс тілінде жүргізілгендіктен қазақ мектептеріндегі оқушылардың саны кеми түсті. 1980 – 90 ж. елімізде халыққа жаппай орта білім беру саласында біраз жұмыс жүргізілді. Соның бірі 6 жастан бастап оқыту болды. Сондай-ақ ауылдық жерлердегі шағын мектептер мәселесін шешу, бастауыш мектепке алдын ала даярлау, жаппай орта білім беруге көшу, мектеп аралық оқу шеберханаларын ашу мәселелеріне ерекше көңіл
---------------	---

Сабақтың ортасы	1. 1-тапсырма. Берілген жоғарғы оқу орындарының қай қалаларда ашылғанын сәйкестендір Медициналық және тау-кен институты Семей Медициналық және мал дәрігерлік институты Ақмола Ауылшаруашылық институты Ақтөбе Педагогикалық және құрылыс-жол институты Өскемен Медицина институты Қарағанды Дескриптор Білім алушы □ Берілген жоғарғы оқу орындарды қай қалаларда ашылғанын сәйкестендіре алады.	
Сабақтың соңы	2- тапсырма. «Блиц-ринг» 1. Республикада 1954 жылдары ашылған оқу орындарында қандай мамандықтар дайындады? 2. Қай жылдары білім беру жүйесіне 8 жылдық мектеп енгізілді? 3. Тың жерлерді игеру аудандарында қаншадан астам мектеп ашылды? 4. Соғыстан кейінгі жылдары мамандар даярлау неше есеге өсті? 5. 40-80 жылдары Қазақстанда білім беру жүйесі қалай дамыды? 6. КСРО-да жалпы білім беретін және кәсіби мектептердегі реформа қашан жүргізілді? 7. Осы кезеңдерде қандай жаңа пән енгізілді? Дескриптор: Білім алушы. 1. Республикада 1954 жылдары ашылған оқу орындарында қандай мамандықтар дайындағанын айтады. 2. Қай жылдары білім беру жүйесіне 8 жылдық мектеп енгізілгенін анықтайды. 3. Тың жерлерді игеру аудандарында қаншадан астам мектеп ашылғанын анықтайды. 4. Соғыстан кейінгі жылдары мамандар даярлау неше есеге өскенін айтады. 5. 40-80 жылдары Қазақстанда білім беру жүйесі қалай дамығанын анықтайды. 6. КСРО-да жалпы білім беретін және кәсіби мектептердегі реформа қашан жүргізілгенін анықтайды. Осы кезеңдерде қандай жаңа пән енгізілгенін айтады	
Рефлексия	Кері байланыс «Ойды аяқта» әдісі Бүгін мен білдім..... Қиындық тудырды..... Мен үйрендім..... Қолымнан келді.....	